

2018 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 111-бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 7 қарашадағы № 579 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2018 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мүдделі республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен бірлесіп, тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 25 қаңтардағы
№ 33 қаулысына
қосымша

2018 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету

МЫҢ ТЕҢГЕ

Функционалдық топ			Атауы	Өзгерістер (+/-)
Әкімші	Бағдарлама			
			II. Шығындар	0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	
	104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	-108 043
		001	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	-20 563
		002	Мемлекеттік органдарда және мекемелерде ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету және ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	-87 480
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	

410		Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитеті	Республикасы	108 043
	001	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету		108 043

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК